

8 Наурыз құтты болсын!

№10
(7955)

7 Наурыз
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

КӘСІПКЕР ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНГЕН КҮН

«ӨЙЕЛ - БІР ҚОЛЫМЕН БЕСІКТІ, ЕКІНШІ ҚОЛЫМЕН ӨЛЕМДІ ТЕРБЕТЕДІ» - ДЕГЕН ҚАНАТТЫ СӨЗ БАСҚА ҰЛТТЫ БІЛМЕЙМІН, ҚАЗАҚ ӨЙЕЛДЕРІНЕ АРНАЛҒАН СИЯҚТЫ. ӨРИНЕ, АНА ҚАНДАЙ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ ӨЙТКЕНІ, ӨЙЕЛ АДАМНЫҢ ЖАНЫ ЖҰМСАҚ КЕЛЕДІ ДЕГЕН АДАМЗАТ БАЛАСЫНЫҢ САНАСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ ТҮСІНІКТЕРДІҢ БІРІ. БҮГІНДЕ ОСЫ БІР ҚАҒИДАНЫ БҰЗЫП, ЕЛ ІШІНДЕ ӨЗІНІҢ ҚАЙСАРЛЫҒЫ МЕН ТАБАҢДЫЛЫҒЫ, ЖҮРЕГІНДЕГІ НӨЗІКТІГІНЕ АҚЫЛЫ ҰШТАСЫП, ОТБАСЫНДА ДА, ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕ ДЕ ЕРЕКШЕ ТЕПЕ-ТЕҢДІК ҰСТАП ЖҮРГЕН ӨЙЕЛ ЗАТЫ АЗ ЕМЕС. СОНДАЙ ӨЙЕЛДЕР ҚАУЫМЫ БІЗДІҢ АУДАНЫМЫЗДА ДА ЖЕТЕРЛІК.



Өткен жұма күні «Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ұйымдастырған «Ана деп көктем жыр төккен, Армысың, ару Нұр көктем!» атты мерекелік шараға азаматтың жүгін арқалап жүрген қыз-келіншектер шақырылды. Аудан әкімінің кәсіпкерлік саласындағы әйелдермен кездесуі - саланың дамуы, соның ішінде іскер әйелдеріміздің рөлі, кәсіпкер қыз-келіншектерінің тыныс-тіршілігін, кәсібінің жүру барысын бейнелейтін бейне баянмен ашылды. Одан кейін жеке кәсіпкерлік атты үлкен айдыңның толқынында жүрген іскер қыз-келіншектерімізді мерекелерімен аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы құттықтап, бір топ кәсіпкер қыз - келіншектерге облыстық кәсіпкерлік басқармасының және өзінің алғыс хаты мен мерекелік сый-сияпатын тапсырды. Өз кезегінде сөз алған кәсіпкер Бағзат Лекерова әріптестері атынан аудан басшысына осындай қолдаулары үшін алғыс айтса, аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары әнмен шашу шашып, кешті бүлдіршіндер бимен көмкерді. Кездесу соңында кәсіпкерлер арнайы жайылған дастарқаннан дәм татып, аудан басшысымен емен-жарқын әңгімелесті.



ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ
ҚАЗЫБАЕВТЫҢ 8 НАУРЫЗ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР
КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Ардақты аналар!

Құрметті қыз-келіншектері!

Сіздерді жер-дүниені шуағына бөлеп, тыныс-тіршілігімізге нәр берген көктемнің шұғылалы мерекесі – 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Көктемнің шуақты сәті әйел-аналарымыз бен аруларымыздың мерекесінен бастау алады. Осынау жарқын мерекенің біздің барлық үміттеріміз бен армандарымызды тығыз байланыстыратын көктемнің алғашқы айының басында келуі, жақсылықтың нышаны болса керек. Әйелдер - әлемге мейірім мен жаңа өмір сыйлаушы нәзік жан иелері. Әрбір шаңырақтың шаттығын жарастырып отырған аяулы жандарға зор құрмет көрсету - қай ұрпақтың да перзенттік парызы болып қала бермек. «Ер елдің иесі, әйел – үйдің киесі» дегендей отбасындағы береке-бірлікке, өмірдегі әсемдік пен нәзіктікке жолбасшы бола жүріп, айналасына ынабаттылықтың нұрын сепкен аналарымыз қашанда құрметке лайық. Қазіргі таңда ауданымыздағы түрлі салада қажырлы еңбек етіп, ғылым мен білімнің, мәдениет пен өнердің шыңына көтерілген, мемлекетіміздің дамуы мен өркендеуінде парасаты мен пайымын, біліктілігін, танымы мен талғамын аямаған әйелдер аз емес. Ұрпақ тәрбиелеуде ғана емес, билік пен бизнесте, саяси-экономикалық және әлеуметтік ахуалды ер азаматтарымен иық тірестіре жүрген қыз-келіншектер – бүгінде ел мақтанышы.

Қымбатты аналар!

Аяулы асыл жандар!

Табиғат ананың жаңарып, мейірім жылылығын ала келетін көктемнің алғашқы мерекесі баршаңызға құтты болсын! Сіздер бұл өмірге тек ізгілік пен жылылық, мейірім мен шуақ сыйлаушы жандар ғана емес, тіршілік атаулының ең асыл абзалы деген құрметке лайықсыздар. Осы мерейлі мереке қарсаңында дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ пен береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін!

Ізгі ниетпен, Ойыл ауданының әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

ШЫН ЖҮРЕКТЕН, МЫҢ АЛҒЫС!

Көктемнің алғашқы күнімен қатар келген 1 наурыз алғыс айту күні «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында салтанатты тойланды. Айтулы шараға арнайы қатысқан аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев ауданның даму жолында азаматтық үлестерін қосқан барша ойылдықтарға айрықша алғысын айтып, бірқатар мекеме қызметкерлерін алғыс хаттармен марапаттады. Ауылды абаттандыру мен көркейтудегі қажырлы еңбегі үшін Ойыл аудандық округі әкімі аппаратының кіші қызметкері Ерлан Құлмұрзин, ауыл көшелерінің тазалығын сақтаудағы қажырлы еңбегі үшін Ойыл аудандық округі әкімі аппаратының кіші қызметкері Гүлзат Үмбетова, спорт саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін

Ойыл балалар жасөспірімдер спорт мектебінің гір спорт бөлімінің жаттықтырушы Нұрасқан Сәрсенғалиев, аудан халқына қызмет көрсету саласындағы қажырлы еңбегі үшін «Көкжар» МК кәсіпорын су жүйесінің шебері Кенжебек Тлеубаев, білім беру саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Ж.Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жұмагүл Рамазанова, аудан халқына қызмет көрсету саласындағы қажырлы еңбегі үшін аудандық 18 өрт сөндіру бөлімінің жүргізуші - қызметкері Талғат Жүсібаев, ветеринария саласындағы қажырлы еңбегі үшін аудандық ветеринариялық стансасының кіші қызметкері Гүлмира Оразғалиева, ауданның денсаулық сақтау саласындағы қажырлы

еңбегі үшін аудандық аурухананың терапия бөлімінің кіші қызметкері Жанаргүл Жиенқұлова, ауданда әлеуметтік жобаларды жүзеге асырудағы қажырлы еңбегі үшін Ойыл мүгедектерді қолдау орталығы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тыныштыбай Шалабаев аудан әкімінің алғыс хаттарымен марапатталды. Келесі кезекте сөз алған аудандық аналар кеңесінің мүшесі Меруерт Ғаббасова айтулы мерекемен құттықтау тілегін жеткізді. Бір-біріне ыстық лебізін жеткізген көпшілік, аудан өнерпаздары ұсынған концерттік бағдарламаны көтеріңкі көңіл күймен тамашалап, қызу қолдау көрсетті. Атап өтсек, мерекелік шараға өзге ұлт өкілдерімен қоса бүлдіршіндерімізге дейін үн қосты.

АМАНГЕЛДІЛІКТЕР РЕСПУБЛИКАҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ



Облыстық білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің 5 - 6 сынып оқушылары арасында өткен Ұлттық мектеп лигасы волейбол жарысында командалық есепте Ойыл ауданы Амангелді орта мектебі I орынға ие болып, чемпион атанды. Республикалық лигаға жолдама алды.

Финал қатысушыларға да, жанкүйерлерге де ерекше әсер қалдырды.

Командалар әр ұпай үшін өз пайдасына күресті, ешкім кем түспеді. Қатысушылардың айтуынша, «Ойын өте қиын болды, кейде тіпті сасып қалдық, бірақ ойындар керемет шығып, қуанышты сәттер сыйлағанын біз ұмытпаймыз!», - дейді.

Жеңіске жеткен жас спортшыларымызды және жаттықтырушысы Өркен Бауыржанұлын жеңістерімен құттықтай отырып, Республикалық лигада сәттілік тілейміз!

САУЛАУ 2023

АУЫЛДЫҢ АЖАРЛАНУЫ – ЕҢБЕК ПЕН НИЕТТІҢ ЖЕМІСІ

«Даңққа тұлпар дүлдүлдігімен жетеді, Абырой мен атаққа азамат біліктілігімен жетеді», - демекші, осындай ел алғысы мен сеніміне бөленген азаматтардың бірі де бірегейі Сәкен Займолдин. Қазір де ол мақтау мадаққа еш мұқтаж емес. Себебі бізсіз де оның атына әр тараптан ақ адал алғыс, жақсы көбіздер, жылы пікір айтушылар көп екені белгілі.

Жасыратыны жоқ, бұрын Қараой ауылдық округінде бірқатар шешімін күткен түйткілді мәселелер болды. Аудан орталығынан шалғай орналасқан округ қартайып бара жатқан ауылдардың қатарында еді. Мемлекет тарапынан таза ауыз су, жаңа мектеп, жаңа амбулатория салынып берілгенімен жергілікті тұрғындар ауылдан бірінен соң бірі көшіп жатты. Осыны көріп ауылдың келешегіне күмәнмен қараушы едік. Бертін келе 2017-2019 жылдары ауылға осы өңірдің тумасы Сәкен Ғазизұлы әкім болып келіп, ең алдымен халықтың тұрмыс-тіршілігін түзеуге, әлеуметтік нысандарды қалпына келтіруге күш салды. Талапшылдығы мен іскерлігінің арқасында, тез арада нәтижелі жұмыстарды қолға ала бастады. Ең алдымен тазалық жұмыстарына баса мән берді. Тұрғын үйлердің көше бетіне тізіп қойған өткен дәуірден қалған тіркеуде жоқ, жүруге жарамсыз техникалар мен тау болып жиналған құл-қоқыс үйінділерін алып тастауға жұмыстанды. Ауыл тұрғындарымен тіл табысып, үйлерінің сыртқы қасбетін әктеп, қоршауларын түзеттірді. Көшелерді жарық шамдарымен қамтамасыз етіп, еңбек адамдарының суреттері бар баннерлер жасақтады. Сол бір жылдары ауданда бұқаралық спортты дамыту мақсатында жергілікті бюджет есебінен шағын футбол алаңдарын салу жұмыстары енді қолға алына бастағанда «Қобыланды» ЖШС-мен сөйлесіп, демеушілік

есебінен шалғайдағы ауылға алғашқылардың бірі болып, шағын футбол алаңын салғызып берді. Жергілікті жердің мүддесін қорғауға келгенде темірдей тегеурін мен жүйелі тәртіпті қолдана білді.

Әрқашан тұрғындар пікіріне құлақ асып, өзінің сөзге берік адам екенін байқатқан әкім жалаң сөзбен іс өнбейтінін сан мәрте дәлелдеп берді. Ауылда ішімдік ішу сынды өрескел қылықтар сап тиылды. Есесіне Алланың үйі, жаңа мешіт бой көтерді. Жұмыссыз жастарды еңбекке шақырып, бірлесіп елге қызмет қылуға үндеді. Ауыл азаматтарын «Туған жерге тағзым» акциясына шақырып, оған 1959-2000 жылы туылған қараойлықтар қолдау білдірді. Нақтырақ айтсақ, демеушілердің қолдауымен балалар ойын алаңдары салынып, ауылдық клубтың сахнасы жаңартылып ауласына өрнектастар төселді. Бильярд, теннис столдары алынып, мектепке домбыралар сыйға тартылды. Одан бөлек салауатты өмір салтын қолдау мақсатында ауылдың әр жеріне воркуаттар салынды. Аналарға деген сый-құрметтің символы ретінде «Сыйынар ем, ана деген Тәңірге!» ескерткіші салынды.

Туған жердің берекесі мен бірлігін нығайтуға жұмыстанған талапшыл әкім «Көше күндері» атауымен үлкен игі іс-шаралар өткізді. «Жастар форумы» ұйымдастырылып, М.Әйтімов, Асылхан Төлепов, Еркебұлан Құмаров бастаған өнерлі жастар туған жерлеріне келіп, концерттік бағдарламаларын тарту етті. Осындай игі шаралардың өткізілуіне ұйытқы болған іскер де білікті басшы Сәкен Займолдин еңбекқор азамат екенін іспен дәлелдеп, әркез ауылдастарының құрметіне бөленді. Демек, ауылдың ажарлануы – адал еңбектің, адал ниеттің жемісі болса керек.

Айнұр ҚҰЛЕКЕШОВА,
үміткердің сенімді өкілі.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жұмыстарын жүргізуге Республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен төленеді.

САУЛАУ 2023

СӘНДІБЕК - СЕНІМГЕ ЛАЙЫҚ!



№1 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ОЙЫЛ АУ- ДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ӨЗ ОРТАСЫНА СЫЙЛЫ, АЙНАЛАСЫНА ШАПАҒАТЫ МОЛ, ҚОҒАМ ЖҰМЫСЫНА ҚОСАРЫ КӨП, БІЛКІТІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ СӘНДІБЕК НҮРБАЕВТЫҢ КАНДИДАТУРАСЫ «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ АТЫНАН ҰСЫНЫЛЫП ОТЫР.

Ойыл селосында дүниеге келген Сәндібекке ауданның тұрмысы бес саусағындай таныс. Алдыңғы аудандық мәслихаттың алтыншы шақырылымында депутат болып сайланып, тұрақты комиссияның төрағасы қызметін атқарды. Сол уақытта аудандық мәслихаттың заңнамаларға сәйкес берілген құзыры бойынша аудан көлемінде мәселелерді көтеріп, тиісті аудандық бөлімдерге заңды талаптар қойып, туған өлкесінің өзекті мәселелері мен әлеуметтік жағдайларын жақсартуда, әсіресе медицина саласын өркендету ісіне белсене араласып, елінің патриоты ретінде көптеген өзгерістер мен толықтыру енгізіп, қызмет жасады. Нәтижесінде шешілген мәселелер де аз болған жоқ. Біздер денсаулық сақтау саласы қызметкерлері осы кісімен қызметтес болған кезден барлық бойындағы адами жақсы қасиеттеріне толық қанықпыз. Халықтың сұраныстары мен қажеттіліктерін шешуге жәрдемдесіп, азаматтардың өтініштерінде көтерілген мәселелерді тез және мұқият шешуді ұйымдастыру жөнінде де нақты жұмыстар жүргізді. Бұл жолы да көрсетілген сенімді ақтап, халық арасында өзінің бағдарламасын орындау мақсатында адал еңбек етіп, өзекті мәселелердің оң шешуін табуға ат салысады деп сенеміз. Сәндібек Мұхамбетжанұлы депутат болуға лайық азамат. Сайлаушыларды Сәндібекті қолдап, дауыс беруге шақырамын.


КДОСОВА,
үміткердің сенімді өкілі.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жұмыстарын жүргізуге Республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен төленеді.



САУЛАУ-2023

№ 15 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ



СӨЗДЕН ІСКЕ КӨШЕТІН ЗАМАН

Самат Байжаунов
ПАРТИЯЛЫҚ ЕМЕС



Мен, Байжаунов Самат Маратұлы, 1966 жылы 18 қазанда Орынбор облысы, Орынбор ауданы, Нижний Павловка ауылында дүниеге келдім. Ұлтым қазақ, Үйленген, 2 ересек балам бар. Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жарық орта мектебінде 10 сыныпты бітірген.

Мектепті бітіргеннен кейін 1983 жылы Алматы энерго-құрылыс техникумына түсіп, 1989 жылы техник-электрик мамандығын алды, ал 2003-07 жылдары Орал аграрлық-техникалық университетін, инженер-электрик мамандығын бітірді.

1985-87 жж Кеңес Армиясы қатарында қызмет еттім.

Еңбек жолын 1989 жылы Ақтөбе облысы Қобда аудандық электр қосалқы станциясында инженер болып бастап, бас инженерге дейін көтерілді.

2001 жылдан бастап Ақтөбе қаласының түрлі мұнай және құрылыс ұйымдарында энергетик болып жұмыс істеді.

Бүгінгі таңда Ақтөбе қаласында тұрамын және «KHAN Grop» құрылыс ұйымында жұмыс істеймін.

Құрметті сайлаушылар!

Мен өзімнің күш-жігерімді туған өлкемнің гүлденуіне және халқымның әл-ауқатының өсуіне жұмысым келеді. Ол үшін:

- Шағын және орта бизнесті дамытуға жәрдемдесу шараларына, әсіресе әкімшілік кедергілерді жоюға, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға, жаңадан бастаған кәсіпкерлер үшін жағдай жасауға ерекше назар аудару қажет. Осының арқасында жаңа жұмыс орындары құрылып, халық жұмыспен қамтамасыз етіледі.

- Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын енгізетін және қайта өңдейтін объектілерді салуға және пайдалануға беруге жұмыстанамын.

- Қобда, Ойыл және Байғанин ауданының елді мекендерінің инфрақұрылымын жақсартуға ықпал ету. Біріншіден, ауыз сумен қамтамасыз ету және газдандыру жұмыстары. Сондай-ақ жолдарды салу және сапалы жөндеу жұмыстарын жүргізуін қадағалаймын.

- Балалар мен аз қамтылған отбасыларды қолдау. Еңбек және соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және халықтың әлеуметтік осал топтарының басқа да санаттарына ерекше назар аударамын.

Сайлауға көліңіз, лайықты адам үшін өз дауысыңызды беріңіз, және сіз бен біз бүгін мол өмір сүруге мүмкіндік аламыз!

Құрметпен, Самат Байжаунов!

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жұмыстарын жүргізуге Республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен төленеді.

ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ – БОЛАШАҚҚА САЛАУАТТЫ КӨЗҚАРАС

Ойыл ауданы негізінен тек мал шаруашылығымен шұғылдану арқылы дамушы аудандардың қатарында екені бәрімізге мәлім. Енді, осы мал шаруашылығындағы ең маңызды мәселе мал жаюдағы жағдайымыз қандай? Ауданымыздағы, соның ішінде, елді мекендердің айналасындағы жайылымдарымыздың тозу, тозбау жағдайлары қалай? Жайылымдарды тиімді пайдалануымызға байланысты, малдарымыздың күйленуі де дұрыс болатыны айтпаса да түсінікті. Жайылымдарды уақытынан бұрын тоздырмауды, бұрынғы білім алу мүмкіндігі төмен, осы саланы зерттейтін ғылым саласы жоқ, бірақ, санасы жоғары ата бабамыз өте жақсы ойлаған. Ол кездердегі Абай атамыз «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай, Қыстың басы бірі ерте, біреуі жей. Ерте барсам жерімді жеп қоям деп, Ықтырмамен күзеуде отырап бай» десе, Бұқар жырау атамыз «Жақын жерден шөп жесе, Жердің сәнін кетіретер» деген екен.

Енді, қандай мәселе болмасын ол Заңмен реттеліп, оны жүзеге асыру тетіктері бұлжытпай орындалса ғана жақсы нәтиже беретіні белгілі. Еліміздің жайылымдарының уақытынан бұрын тозбаулары мен оларды тиімді пайдалану мақсатында 2017 жылы Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңы қабылданды. Осы Заң жайылымдарды ұтымды пайдалануға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді және жайылымдар мен олардың инфрақұрылымының жай-күйін жақсартуға, жайылымдардың тозу

процестерін болғызбауға бағытталған. Заңның «Жайылымдардың құқықтық режимі» деген 3-бабында «Жайылымдардың құқықтық режимі Қазақстан Республикасының жер, орман, су заңнамасына, Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес жердің қандай да бір санатына олардың тиесілілігі және рұқсат етілген пайдалану тәртібі негізге алына отырып айықдалады» делінген. Ал, осыған байланысты, «Жайылымдарды беру және пайдалану тәртібі» деген 15-бабында:

1. Кенттердің және ауылдық елді мекендердің аумағы шегінде орналасқан, мемлекет меншігіндегі жайылымдар жергілікті халықтың ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын ұстау бойынша мұқтажын қанағаттандыру үшін беріледі.

2. Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормалары сақталған кезде ғана, осы баптың 1-тармағында көрсетілген жайылымдарда басқа ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға рұқсат етіледі.

Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормалары асып кеткен кезде Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға сәйкес жайылымдар аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ шегінде беріледі.

3. Аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ шегінде жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе)

заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға сәйкес шалғайдағы жайылымдарға ауыстырылады.

4. Жергілікті халықтың ауыл шаруашылығы жануарларын ұстау үшін елді мекендер шегінде жайылымдар беру Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға сәйкес аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің, ал аудан, облыстық маңызы бар қала шегінде – ауданның (қалалардағы аудандардан басқа), облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының шешімдерімен жүзеге асырылады.» делінген.

Осыларға байланысты айтарым, біздің ауданымыздағы елді мекендер шегіндегі, соның ішінде ауданның орталығы Ойыл ауылында, жоғарыдағы айтылған Заң талаптары орындалмай отыр. Біріншіден, мал күтулерін ұйымдастырушылар, соның ішінде ұсақ малдар күтулерін ұйымдастырушылар, ауылдық округ әкімдерінің елді мекендер шегінде жайылымдар беру шешімдерін алмастан ұйымдастыруда. Екіншіден, жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормалары есептелмей, азғантай жайылымды сауын сиырлар да, қой-ешкілер де, олармен қатар жылқылар да есепсіз жайылуда. Ал, Заңда ауылдық елді мекендердің аумағы шегінде орналасқан, мемлекет меншігіндегі жайылымдар жергілікті

халықтың ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын ұстау бойынша мұқтажын қанағаттандыру үшін беріледі деп атап көрсетілген. Осы және басқа Заңдарды жүзеге асыру мақсатында Ақтөбе облыстық мәслихаты 2021 жылғы 24 ақпанда «Ақтөбе облысы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың қағидаларын бекіту туралы» Заңға тәуелді акті қабылдады. Әрбір мал ұстаушы аталған қағидамен жақсы таныс болуға тиіс, өйткені, осы қағидада ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібі туралы құқықтар мен міндеттер толық белгіленген. Мысалы, осы қағидада күнделікті аудан орталығында көзіміз үйреніп кеткен малдарды асфальт үстімен айдап өтуге болмайтыны айтылған (күнде асфальт үстіндегі малдардың жаңа қиларын тазалаушыларды айтпағанда, жапаларды көріп өтудің өзі өте ыңғайсыз). Бұл жөнінде Қағиданың 4-тармағының 6)-тармақшасында «ауыл шаруашылығы жануарларын жаю орнына дейін және кері қарай айдап өту, сондай-ақ жаю ауыл шаруашылығы жануарлары иелерінің немесе олар уәкілеттік берген адамдардың қадағалауынсыз ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға жол берілмейді» десе осы тармақшы 8)-тармақшасында «өзге жолдар болған кезде ауыл шаруашылығы жануарларын асфальт төселген және цементпен бетондалған жолдармен айдап өтуге жол берілмейді» делінген.

Құрметті оқырман, бәрін айта келе бұл Заңдар және

Заңға тәуелді актілер не үшін шығып жатыр. Мал жаю тәртібіне бағынбау біріншіден, «Жақын жерден шөп жесе, Жердің сәнін кетіретер» деп Бұқар жырау атамыз айтқандай еліміздегі елді мекендер айналасының сәнін кетіріп жатырса, екіншіден, елді мекендердің ішіндегі абааттандыру шараларына да қатты кері әсерін тигізеді. Бұл жөнінде көп алысқа бармай-ақ, көршілес Қобда ауданын үлгі ретінде алуға болады, оларда қой-ешкі малдарын орталықтан тыс жерлерге бақтыру ұйымдастырылса, сауын сиырларды жайылымға дейін жиналу орнына айдап апару мен жайылымынан кері күтіп алу тәртібінің орындалуы әбден жүйелендірілген. Ал, Алға ауданының кейбір елді мекендерінде үлкендер, елді мекен айналасындағы жайылымдарды тоздырмау мақсатында, қараша айынан бастап ауыл айналасына мал жаюды тоқтаттыру тәртібін енгізген. Қағидада айтылған тағы бір мал иесі ретінде жауаптылық, бұл малдарға қысы-жазы жағдайлар жасау, олардың ашығып қалмауы, уақытында суарылуы, тиісті жабдықталған қораларда ұсталуы, жалпы айтқанда қорлап ұстауды болдырмау.

Бұдан кейін, біздің аудан мал шаруашылығы ауданы, біздер мал санын көбейтпей жағдайымызды қалай дұрыстаймыз деген сұрақ туындауы мүмкін. «Байлық - байлыққа ие болуда емес, оны ұқсата білуде» деген ұлағатты сөздер бар. Сондықтан, жағдайдың дұрысталуы тек мал санын көбейтуде емес,

олардан шығаратын өнімдерді қайта өңдеуден өткізіп ұқсатуда, сонымен қатар жетімсіреп қалған ойдағы бақшаны жандандыру мен басқа да кәсіптің түрлерін дұрыс кеңгеруде сияқты. Мал басын көбейту жайылымдарға түсетін шектік нормаларға тікелей тәуелді болуы тиіс.

Үкімет пен Парламент елді мекендер тұрғындарының малдарын көбейтуіне де көңіл бөліп, алдағы уақытта елді мекендердің жанынан беріліп кеткен жерлерді кері мемлекеттік меншікке қайыру үшін тиісті Заң жобасы мен Заңдарға өзгерістер енгізуді ойластырып жатыр.

Құрметті ойылдықтар, қазіргі таңда аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы, аудандық жер қатынастары бөлімдері ауылдық округ әкімдерімен бірлесіп 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын аудандық мәслихаттың бекітуіне өзірлеп, заңды күшіне енгізгелі отыр. Аталған жоспар бекітілудің алдында әрбір ауылдық округтің жергілікті қоғамдастық жиынында (сходта) талқыланады. Бәріміз, осы жиынға бір адамдай қатысып, мал жаю тәртібіне бағыну ең маңызды мәселе екенін есімізден шығармай, малдардың иесі ретінде, оларды бағуға аса жауапкершілікпен қарайық. Сонда ғана, жайылымдарымыз уақытынан бұрын тозбай, тек біздерге ғана емес, болашақ ұрпағымызға да қызмет ететіні анық.

Мыңжасар ДОСОВ,
Ойыл аудандық мәслихатының аппарат басшысы.

САЙЛАУ-2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ МЕН БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ 2023 ЖЫЛҒЫ 19 НАУРЫЗ

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЫ Құрметті сайлаушылар!

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 38-бабының 2-тармағына сәйкес 2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауында аудан сайлаушыларының дауыс беруі жергілікті уақыт бойынша сағат 7.00-де басталып, 20.00-ге дейін төмендегі мекенжайларда орналасқан сайлау учаскелерінде өтетінін хабарлайды:

қ/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскелерінің орналасқан орны және байланыс телефондары
1	№ 389	Ойыл ауылы, Көкжар көшесі 68, «Ойыл аудандық мәдениет үйі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-18-99
2	№ 390	Ойыл ауылы, Құрманов Исламғали көшесі 86, «Ж.Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-17-30
3	№391	Ойыл ауылы, Шернияз Жарылғасұлы көшесі 36, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-20-14
4	№392	Ойыл ауылы, Аманкелді көшесі 2, «Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-16-52
5	№568	Ойыл ауылы, Алтынсарин көшесі 19, «Ойыл денешынықтыру-сауықтыру кешені» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332)
6	№393	Екпетал ауылы, Жасыл ел 21, «Екпетал мектеп-балабақшасы» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-1-47
7	№394	Қаракемер ауылы, Ынтымақтастық көшесі 1, «Қаракемер мектеп-балабақшасы» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-00
8	№395	Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі 1а, «Ақшатау орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-0-81
9	№396	Құмжарған ауылы, Д.Қонаев көшесі 2, «Соркөл орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-49
10	№397	Қаратал ауылы, Ш.Берсиев көшесі 39, Ш.Берсиев атындағы модульдік кітапхана ғимараты, телефон: 8 (71332) 37-5-35
11	№398	Қарасу ауылы, А.Жұбанов көшесі 5, «Құрманов бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-0-92
12	№399	Аманкелді ауылы, Астана көшесі 16, Аманкелді ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-90
13	№400	Қарасу ауылы, Алашорда көшесі 7, Қарасу ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-89
14	№401	Көптоғай ауылы, Қазақстан көшесі 18, Көптоғай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-5-11
15	№569	Көптоғай ауылы, Мектеп көшесі 4, «Құрман орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-5-23
16	№402	Шұбарши ауылы, Желтоқсан көшесі 19, Шұбарши ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-93
17	№404	Сарбие ауылы, Жастар көшесі 13,Сапақкөл ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 35-2-50
18	№405	Қаракөл ауылы, Абай көшесі 10, «Қаракөл бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-16
19	№406	Қараой ауылы, Еңбеккерлер көшесі 2, Қараой ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-6-01
20	№407	Құбасай ауылы, Қызылқорған көшесі 7, «Құбасай бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-37
21	№408	Кемер ауылы, Бейбітшілік көшесі 15, Саралжын ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-0-01
22	№409	Шиқұдық ауылы, Мектеп көшесі 16, «Теректі негізгі мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-43
23	№410	Бестамақ ауылы, Тайсойған көшесі 6, Бестамақ ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-2-71
24	№411	Ақкемер ауылы, Жеткіншек көшесі 9, Ақкемер ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-0-82
25	№412	Ақжар ауылы, Мектеп көшесі 4, Қайыңды ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-8-14
26	№413	Көсембай ауылы, Орталық көшесі 10, Көсембай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-42

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

ШАЛҒЫН КӨБЕСІЛЕРІНІҢ ӨСУІ БАЙҚАЛУДА



Ойыл ауданы бойынша «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ мамандары зиянкестердің дамуы мен таралуына мониторингтік тексеру жүргізіп келеді. Мамандар ауа-райының, жоғарғы ылғалдылықтың және төмен температураның үйлесімі шалғын көбелектердегі репродуктивті функциялардың жақсы дамуы үшін оңтайлы екенін анықтады.

Көбелектердің таралу аймақтары нақтылануда. Шалғын көбелек ауа ағынының көмегімен алыс қашықтықтарға дейін ұша алады және жаңа аймақтарда дамып, зақым келтіреді. Зиянкестер көкөніс-бақша дақылдары мен майлы дақылдарды өндірушілер үшін аса қауіпті. Сондай-ақ бірінші буын жұлдықырттар дөңді-жусанды өсімдіктердің жұмсақ бөліктерін зақымдайды. Зиянкестердің ең

көп жиналуы өзендер мен ойпаттардың жанында байқалады. Зиянкестермен күресу туралы ұсыныс құттардың бірінші ұрпағын биологиялық өнімдермен өңдеу: Лепидоцит, Баргузин, Циперус, Самурай супер.

Е.ЖАНДАУ,
Ойыл аудандық Фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығының энтомологы.

«БЕС ЕСКІ» МЕН «БЕС ЖАҢА»: БҰРЫНҒЫ ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ МЕН АМАЛДАР АТАУЫ ҚАЙРАН ҚАЛДЫРАДЫ

Қазақ халқы ежелден жаңа туған айға, ерте түскен шыққа қарап табиғат құбылыстарын болжап отырған. Қыстың ерте түсетінін, көктемнің кеш келетінін де қардың жауғаны мен жануарлардың ізіне қарап аңғарған. Ал, қазіргі уақытта солардың көпшілігі өскіріп барады. Осы жолы он екі айға қарата айтылған таным-түсінікті өздеріңізбен бөлісуді жөн көрдік.

ҚАҢТАР АЙЫ Атырау өлкесін мекендеген жұрт қаңтар айын бұрынғы уақыттарда «Дәлу» айы деп атаған. «Дәлу» мен «Қаңтар» атаулары қатар қолданылған. Ел аузында бұл айды «тентек дәлу» дейді екен. Себебі, бұл мезгілде боранды-шашынды сәттер жиі болып тұрған. Бір мезет аяз тұрса, енді бірінде түтеген боран соғады. Желтоқсан айының аяғында теңескен күн мен түн қаңтар айында өзгере бастайды. Бұл айда күн шамамен бір сағатқа жуықтап ұзарады, яғни күннің жарықтық кезеңі ұзарып молаяды. Осы уақытты сипаттайтын, ел арасында: «қаңтарда қарға адым ұзайды» деген сөз тіркесі қалыптасқан.

АҚПАҢ Ақпан айы күнтізбе бойынша қыстың соңғы айы болып саналады. Алайда, ақпан бітісімен бірден күн жылынып, көктем болып кете қоймайды. Атырау-Жайық елінде бұрынғы кездерде бұл айды «Құт» айы деп атаған. Қазіргі күнтізбе бойынша он ақпанның 14-нен басталады. «Құт» айы халық түсінігінде жақсы ай саналады. Бірақ, әр жылда әрқалай болып келеді. «Құт туғанда көлденең жатқан бір тал шөпке «жан» өнеді» дейді халық. Қыста ұзақ ұйқыға кететін аңдар құт туа ұйқыларынан оянады. Табиғат ана жайлап жандана бастайды. Құттың айы туысымен көп кешікпей «Талқан қазан» амалы келеді. Оның кезінде ұйқыда жатқан саршұнақтар оянып, індерінен шығатын көрінеді. Кейбір жылдарда ақпанның аяғына таман құт айының ішінде ерте көктем шығатын жылдар да болады. Ерте келетін көктем құт айында белгісін бере бастайды.

НАУРЫЗ Наурыз айы ерекше ай. Халықтың сағынышпен аңсап күтетін айы. Наурыз қазақ салтында көрісетін ай. Наурыздың алғашқы күндері мереке сипатында өткен. Ағайын-тумаға, үлкен кісілерге арнайы барып, көрісетін болған. Қазақ халқының өзгеріске ұшырамай сақталған салптарының бірі – көрісу. Біздің елде игі шаруа 14 наурыздан басталған. Көрісу – қазақ халқының ұлттық мерекелерінің бірі болып саналады. Көрісуге келген адамдарға арнайы қонақ асы беріледі. Қысқы соғымның сур еті асылады. Шаруасы күйлі адамдар көрісуге келгендерге арнап мал сояды. Ақпан айының екінші жартысы мен наурыз айының бірінші жартысы аралығындағы уақытты «Ұзынсары» деп атаған. Бұл күннің ұзақтығына байланысты айтылса керек. Қазақтар қысқы соғымның етінен «көрісуге және ұзынсарыға» деп арнайы ет сақтаған. Наурыздың ортасынан ауа шамамен 18 наурыздан бастап мұздың көбесі сөгіліп, сең жүре бастайды.

«ОТАМАЛЫ» Қыстың соңы мен көктемнің басталар шағында келетін бірнеше күнге созылатын амал. Ел аузында: «От амалы ойылған қыс» деген сөз тіркесі бар. Ойылған қыс деуінің мәнісі ара-арасында қыстың күндей қар жауып, аяз тұрып, боран соғуы мүмкін. От амалының соңына қарай арагидік жаңбыр жауып, күн райы жылына бастайды. Ықпыл-жықпылы мол, құмдауыт, құмды жерлерге, ойпаң, сайлы жерлерге, шағылдарға көк шығып, тез көтеріле бастайды. Ел аузында: «Отамалы ойылған қыс», «Сәуір – санды қыс», «Сарыатан-зауза, сенен де қорқам» деген қанатты сөз тіркестері қалыптасқан. Өмірдің өзінен туған мұндай мағыналы сөздер әрбір ауға берілген табиғи сипаттама секілді.

«БЕСҚОНАҚ» Сәуір айында келетін негізгі амалдардың бірі. Жалпы, наурыз бен сәуір айлары амалдармен,

ауа райының тез өзгергіштігімен ерекшеленеді. Жазғытұрымғы мезгілдің алғашқы күндері, қыс ызғары мен жаз лебінің өлара шағы. Алты ай қыс, алты ай жаз мезгілінің орта кезеңі. Бесқонақ амалы жөнінде ел аузында көптеген әңгімелер бар. Бесқонақты Атырау өлкесінде «бес ескі, бес жаңа» деп те атайды. Наурыздың соңғы бес күні мен сәуірдің алғашқы бес күні бесқонақ кезінде ауа райы аяқасты өзгереді.

СӘУІР Барлық тіршілік тынысы Жер-анамен тікелей байланысты қазақ халқының аңсай күтетін айы. Сәуір айы өзімен бірге жаз лебін, жылылық лебін ала келеді. Сәуір жақсылық пен жылылық нышаны. Ел аузындағы «сәуір болмай, тәуір болмас» деген сөз тіркесі сәуір айының халық берген анықтамасы іспетті. Сәуір айы тіршілік дүниесінің көктепкөгеретін, жаңғырып-жаңаратын, қайтадан түлейтін, табиғат дүниесінің гүлденетін айы. Бұл айда шаруа баққан қазақтың бір малы екеу, екі малы төртеу болып, еңбек қуанышына кенелетін уақыты. Сәуір – ырыс, берекенің, молшылықтың басталар шағы. Бұл ай адам жанының да ерекше күйге түсіп, жақсылық жылы сезімдерге бөленетін уақыты. Сәуір айы – қайнаған дүние тіршілігінің ерекше аласапыран, ерекше коғалыстағы уақыты.

«ҚҰРАЛАЙ» Мамыр айының соңын ала басталып, бас шілдеге дейін созылатын амал. Бұл кезде салқындық та болады. Құралайдың күндері жаңбырлы келеді. Ара-арасында жел тұрып, ауа райы жиі-жиі өзгеріп отыруы мүмкін. Осы кезде даланың еркесі киіктер лақтайды. Қазақ халқы киіктің лағын ежелден «құралай» деп атағаны белгілі. Қазақ жұртының таным-түсінігінде «Құралай» сұлулықтың, әсемдіктің, пәктіктің белгісі болып саналады. Қазақтар қыздарының есімдерін Құралай деп қойған. Қазақ халқында Құралайға байланысты сөз тіркестері көптеп кездеседі.

«БАС ШІЛДЕ» Шілде айының бастапқы он күні. Бірақ, әлі нағыз шілденің басталмаған кезі. Ол «Құралайдың» соңын ала келеді. Бас шілде кезінде қапырық ыстық болады. Кейбір күндерінде хан шілдеден кем емес ыстықтар болады. Қайсыбір жылдары бас шілденің күндері қоңыржай болып өтетіні бар. Ел арасындағы ауа райын бақылайтын есепшілер бас шілденің қалай өтуіне қарап, шілде айындағы күн райын болжайтын болған. Бас шілденің соңын ала шөп шабу науқаны басталады. Алғашқы орақ «шытыр», «қоңырбас» секілді тез құрап кететін шөптерге түседі. Осы кезде қыста туған қозылар «бағлан», «марқа» болып көтеріліп қалады.

ШІЛДЕ Жаз айларының ішіндегі ең ұзақты уақыт. Ел аузында негізінен «қырық күн шілде» деп аталады. Күннің ыстығы әртүрлі деңгейде болады. Малға да, жанға да жайлы күндер алмакзекті келіп тұрады. Аптап ыстықтан кейін түнгі уақытта немесе көшқұрымғы кезде жаңбыр жауатын кездер де болады. Шілде айының өзіндік ерекшеліктері, жақсылықтары көп. Бұл айда шабындық шөбі пісіп, толысып, төл марқайып, егін алды жетіліп, шаруа жағдайы жақсарады.

«ТАРАЗЫ-СҮМБІЛЕ» Бұл айларда алтын күздің белгісі білініп, дала ерекше көріністе болады. Таразы, сүмбіле айларының өн бойына өзіне тән ерекшеліктері бар. Қазақ халқы: «Таразыда таң суиды, сүмбіледе су суиды» деп бұл айлардың өзіндік ерекшеліктеріне баға берген. Бұл мезгілде шөп буыны қатайып, құнарлығы күшейеді. Егін толысып піседі. Піскен егінді жинаудың алғашқы кезеңі басталады. Таразы, сүмбіле айлары шаруа еңбегінің қызатын айлары.

МИЗАМ ШУАҒЫ Қазақ малшылары мизам айын малдың семіретін, пұл болатын айы деп санаған. Сонымен қатар, осы уақытта «мизамның шағырмақ ыссылығы» кезінде семіз қойлардың құйрықтарына құрт түседі.

Мұны: «мизамның ойма құрты» деп атаған. Осы уақыттарда жәрмеңке, базарларда сауда-саттық қызып, мал айырбасы көбейеді. Бұл қазақтың көгендегі қозылары қой, «сіргелі» бұзаулары сыйыр болатын кезең.

ҚАЗАН Қазанда табиғат мүлдем өзгереді. Бұл жиынтірнінің, қарбалас тіршіліктің айы. Кейбір жылдарда қазан айы жылы, шуақты болып келеді. Кейбір жылдары салқындық түседі. Бұл айда қыс ызғары сезіле бастайды. Қазан айының басы «үлкен қазан» амалының кіруімен басталады. Айдың екінші онкүндігінде «кіші қазан» амалы болып өтеді. Шаруа қуып, егін салып, мал баққан қазақ халқы үшін қазан айы: жиынтірнінің жинақталып, малдың семіретін айы. Қазан айының ішінде түнгі уақытта сыртта қалған судың қатуына байланысты алдағы қыстың бағытын, бағдарын, қыс салқындығының кірсі мен шығысын болжаған.

ҚАРАША Қараша айы аумалы-төкпелі болып келеді. Бұл айда ауа райы тез өзгеріп отырады. Айдың басында қараша құстар қайта бастайды. Бұл уақыт жауынды-шашынды болады. Осы мезгілде келетін амалды қазақтар бірнеше кезеңдерге бөлген. «Қарашаның қанат қағары», «Қарашаның қанат жуары», «Балалы қарашаның ұшуы» және тағы басқа атаулармен атаған. Қарашада жауған қар қанша құн жатса сонша ай қыс болады деген қазақ жұртында болжам бар. **ҚАРАША АЙЫНДАҒЫ ҚҰС АУЛАУ** Қараша айында ауа райы жауын-шашынды болғандықтан жиі-жиі мұздақ тұрады. Осы уақыттарда қырлықтағы дуадақ, қараша секілді ірі құстарға аңшылық басталады. Құс аулаушылар таңертеңгі уақыттарда, жарық болмай далаға шығып кетеді. Олар күні бұрын аттарын дайындайды. Шапқанда аттың аяғына оралғы болмауы үшін құйрығы шарт түйіледі. Мұндай аңшылық-саятшылыққа көбіне ұшқыр аттар мініледі. Айнала тегіс жарық болғанда құс аулаушылар, құстар түнәмелікке қонып ұшатын аймаққа жетеді. Аңшылар құстар көтеріліп ұшып кеткенше, ірі құстардың бірнешеуін қашымымен ұрып алады. Мұздақтан қанаттары қатып қалған құстар қапелімде жедел көтеріліп ұшып кете алмайды. Мұндай саятшылық түрі өте сирек кездесетін жағдай.

ЖЕЛТОҚСАН Желтоқсан қыс айларына жатады. Қазақтардың есебі бойынша жылдың он екі айы: алты ай қыс, алты ай жаз болады деген қазақ жұртындағы айының екінші айы желтоқсан. Желтоқсанды кіші жүз елі бұрынғы уақытта «жедді» айы деп те атаған. Бұл айдың өзіндік ерекшеліктері бар. Қыстың біртебірте күшіне өне бастайтын уақыты. Желтоқсан әр жылда әрқилы болып келеді. Бір жылдарда ашық-жарық, борансыз, шашынсыз, жаңға жайлы, шаруаға қолайлы болып өтеді. Тағы бір ерекшелігі, қазақтар бұл айда соғым союды бастайды. Соғым сойылған үйлер бірін-бірі қонаққа шақырып, мәре-сәре болады. Қонақтық кезінде ән-жыр айтылып, күй тартылады. Жыр-толғаулар тыңдалады. «Соғым басы» мерекесі кезінде «соғымнан дәм татқызу», «соғымнан ауыз тигізу», «соғымнан сыбаға беру» секілді іліктің рәсімдер жүзеге асырылады. Мұндай мерекелік салт-дәстүрлер Атырау-Жайық өлкесінде әлі күнге дейін сақталып келеді.

«КИІКТІ БҰРҚАҒЫ» Желтоқсан айының бастапқы кезінде келетін амал. Шамамен бір апта уақытқа, кейде одан да көп мерзімге созылып кетуі мүмкін. «Киіктің бурқағы» кезінде ауа райы боранды, бұрқасынды болып тұрады. Бұл уақыт киіктердің шағылысатын, күйекке түсетін мезгілі. Дала еркесі – тұз тағысының өзіндік ерекшелігі, олар қыстың боранды, бұрқасынды кезінде күйекке түсіп шағылысады.

Интернет ірімдерінен

Жамбыл мектеп-балабақшасының ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Қайыргазиндер әулетіне **өкелері Қаражанның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жамбыл мектеп-балабақшасының ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы бастауыш сынып мұғалімі Талдыбаева Жаңылыш Нұрбергенқызына **Баласы Азаматтың, Сағынова Жайнар Өтегенқызына жолдасы Азаматтың** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1442 дана. Тапсырыс 321 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смайұлов көшесі 9/2. Табылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

КӨКЖАР ХАНЫМЫ 2023 - АЙЗАТ



8 наурыз Халықаралық әйелдер күні жақындаған сайын анаға деген құрмет тоқтаусыз жалғасып келеді. Қоғамдағы әйел затының алар орнын ұлықтаған мәдени-көпшілік шаралар осының куәсі іспетті.

Осы орайда«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығының ұйымдастыруымен «Көкжар ханымы – 2023» байқауы өтті. Қазақ халқының төл мәдениеті мен өнерін, салт-дәстүрін дәріптеу, аналар бойындағы тектелікті, сабырлық пен парасаттылықты, нәзіктікті кейінгі ұрпақ бойына дарытуды көздеген байқауға ауданның 40 жастан асқан 4 үміткер қатысты.

Алғаш рет сахна шымылдығын түрген байқау 4 кезең бойынша өтті. Сымбаты мен сыры жарасқан ханымдар алғашқы кезеңде қазақ әйеліне тән әдебімен өздерін таныстырды. Екінші кезеңде бірі ән салса, бірі ақындардың қара өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Үшінші кезеңнің ережесі бойынша ұлттық тағамдар дайындап әкелсе, соңғы айналымда сән үлгісін көрсетіп, көпшілікті таңғалдырды.

Мәдени сайысқа қатысқан арулардың әр қайсысының көрсеткен өнерлері бір төбе болды десек, артық айтпағымыз. Сахналық көрініс те қойып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Бірінші болып шыққан Айзат Тыныштықызы қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметова туралы қой-

ылымда Мәншүктің рөлін сомдап, жиналған қауымның жанарын жасқа толтырды. Ал Жанаргүл Мұхамбетова мен Жаңылдық Атыраубаева ән шырқаса, Гүлнұр Нұрбалиева М.Мақатаевтың өлеңін мәнерлеп оқыды. Сымбатына сәні келіскен келіндер сахна мәдениетін сақтап, шынайы қазақы сұлулықты танытатын бірден-бір нышан қазіргі заманға лайықталған киімдерден сән үлгісін көрсетті. Әр турда айрықша ізденіспен бабы мен бағы қоса шапқан байқауда «Көкжар ханымы – 2023» Ж.Жүсі-бадиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Айзат Рысқалиева жеңіп, 30000 сертификатын иеленді. Ойыл аудандық ауруханасы Шұбарши ауылдық медициналық пунктiнiң фельдшерi Жанаргүл Мұхамбетова«Ұлттық құндылықты насихаттаушы ханым», Ойыл балалар – жасөспiрiмдер спорт мектебiнiң кiшi қызметкерi Жаңылдық Атыраубаева «Стильдi ханым», Ш.Берсиев ауылдық оқуғi әкiмi аппаратының iс жүргiзушiсi Гүлнұр Нұрбалиева «iскер ханым» аталымдары бойынша марапатталып, алғыс хаттар мен 10 000 теңгелiк сертификаттары сыйлыққа ұсынылды.

Бұл байқау көптің көңіліне көктем шуағын себелеп, жүректерге жылылық ұялатқаны сөзсіз.

Г.АБАЙҚЫЗЫ.

АДАМ ЖАНЫН ЕМДЕЙ БІЛГЕН



Мамандықтың жаманы болмайды. Алайда сан түрлі мамандық иесінің ішіндегі үлкен жауапкершілікті, ептілікті, қырағылықты талап ететін мамандық - ол дәрігерлік. Өзінің сүйікті мамандығына нағыз беріліп, адам денсаулығының сақшысы қызметін абыроймен атқарып жүрген біздің бүгінгі кейіпкеріміз Ойыл аудандық ауруханасының бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Жаннат Қазықызы Базарбаева.

Мамандығына ерекше сүйіспеншілікпен қарап, әр науқасты шипалы қолымен емдеп, дендеріне саулық сыйлап жүрген дәрігер 1980 жылы Батыс Қазақстан облысы, қазіргі Сырым ауданында дүниеге келді. Жастайынан бауырларының кішігірім жарақаттарына, сырқатына ем жасап, алғашқы көмек көрсетіп, бала киылына ерік беріп, өскенде дәрігер болуды армандайды. Мектепті бітіре салысымен Марат Оспанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтына түсіп, емдеу ісі мамандығы бойынша бітіреді. Алғаш еңбек жолын 2010 жылы Орал қаласындағы №2 қалалық емханадан бастады. 2011 жылы отбасы жағдайымен Ақтөбе қаласының 2 қалалық емханасына ауысып, жұмыс жасай жүріп оқуға түседі. М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан университетінен резидент кардиология мамандығын бітіріп, 2015 жылы Жекеңді дәрігерлік амбулаториясына жұмысқа орналасады.

Жұмысты оңай қиын деп бөліп жармай, білім алуданда жалықпайды. 2018 жылы УЗИ мамандығын меңгеріп, аудандық орталық ауруханаға ауысады. Қолына дипломын алған сәттен бастап ақ халат киіп, жауапкершілігі ауыр саладағы жұмысын адал атқарып келеді.

Бала кезден «Ақ халатты абзал жан» деген ойды жүрегіме түйіп өскендіктен, сол бір абзал мамандықтың иесі атануға асықтым. «Дәрігер болу деген оңай емес, ол деген адамның іш-дүниесін өзін сол ауырған адамға аяушылықпен қарау, соның ауырғанымен бірге ауырған адам - сол ғана дәрігер бола алады. Адам өміріне деген жауапкершілікті, адалдықты, сонымен қатар жүректілікті қажет ететін мамандық, әрине, дәрігер болу. Өмір сан түрлі соқпақтан тұрады десек, сол түрлі белесте жаны ауырғандар әуелі жақынын емес, «ақ халатты жанды» іздейтін рас. Тіпті бала күнімізде «Болашақ кім боласың?» деп сұраса, ойланбастан «дәрігер боламын, адамдарды емдеймін, дәрі беремін» деп жауап беретін едік. Ауруға араша

түсіп, жанын сақтап қалғысы келетіндер көп-ақ. Алайда өкінің бірі дәрігер бола алмайды. Ол үшін қызығушылық жеткіліз. Дәрігердің адам өміріне жауапкершілігі мен адалдығы да керек», - дейді.

Бүгінде халқына қалаулы, қандай құрметке де лайық тәжірибелі маман денсаулық саласына қосқан еңбегі мен үлесі үшін алған алғыс хаттары мен марапаттары бір төбе. Бірнеше рет аудан және облыс әкімдерінің, сондай-ақ салалық басқармалардың Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарына ие болған. Қазақстан Медицина Қызметкерлері Қоғамының ұйымдастыруымен өткізілген «Жыл үздігі-2022» республикалық байқауында ұсынған жұмыстары үздік деп танылып, «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» номинациясын жеңіп алды. Сондай-ақ короновирус пандемиясы кезінде де қақырлы еңбегі үшін бірқатар марапаттарға ие болған.

«Жанары жәутендеген, ағзасын ауру меңдеген науқас адамға ерекше көңіл бөлу, рухани дем беру, дертіне шипа беру, жан жылуын сыйлау- әрбір дәрігердің парызы болғанын қалар едім. Ежелгі грек философы Сократ айтқан екен: «Жанды емдеймей, тәнді емдей алмайсың» деген ұлағатты ойы есіме түседі осындайда. Маман иесі өте көп, алайда өз ісіне мығым, ойы мен ісін шеберлікпен ұштай алатын нағыз мамандар саусақпен санарлық. Өз мамандығын сүйетін шын дәрігер үшін мансаптың да, қызметтің де, атақтың да, байлықтың да қажеті шамалы. Дәрігерге ең басты керекі - адамның денсаулығы, өмірі».

Он бес жылдан аса бір жерде қызмет етіп, ауданымыздың денсаулық сақтау ісіне өз үлесін қосып еңбек етіп жүрген дәрігер қазіргі таңда екі қыз, бір ұл тәрбиелеп отыр. Отбасының отбасысы Әнет 2016 жылы өмірден өтті. Үлкені Гүлдана тұрмыста, қазіргі таңда 2 бала тәрбиелеп отыр. Ортаншысы Әділет Ғаббас Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің 2 курс студенті, кіші қызы Айжұлдыз Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясында оқиды. Медицинаның атасы Гиппократ айтқандай: «дәрігердің жүзі жылы, жүрегі батыр, қолы жұмсақ, киімі ұқыпты таза болуы» өте маңызды екендігін жеткізді. Демек, дәрігер болу оқумен шектелмейді, дәрігер болу үлкен өнер», -дейді Гиппократ антына адал дәрігер.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл селосы.

МЕРЕКЕЛІК ЖАРЫС - АЛАҢДА АРУЛАР!



Жыл сайын аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі атаулы күнге орай жыл сайын қыздар арасында волейболдан жарыс өткізеді. Биыл да жалғасын тапқан жарысқа 10 команда қатысты.

Көктем шуағын ала келген арулар мерекесіне орай өткізілген спорттық шараға аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы арнайы қатысып, мейірім мен нәзіктіктің, ізгілік пен тазалықтың бастауы бола білген аруларды мейрамдарымен құттықтады. Өткізіліп отырған жарысқа қатысушы командаларға сәтті ойын өрнегін көрсетуге тілектестігін жеткізді.

Төл мерекелеріне орай әйелдер арасында өткен жарыс - спортшылардың арасында бұқаралық дене тәрбиесі мен спортты, ауыл спортын дамыту, спортқа деген қызығушылығын, достық қарым-қатынастарын нығайту, ойыншылардың шеберлігін арттыру мақсатын көздеді.

Қызу тартыста өткен жарыстың нәтижесінде Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің командасы финалда

Ойыл аудандық орталық аурухана және Ойыл қазақ орта мектебінің жастарымен кездесіп, өздерінің мықтылығын тағы бір мәрте дәлелдеп, жеңіс тұғырынан көрінді.

Аудандық аурухана ұжымы ІІІ орынды иеленсе, Ойыл қазақ орта мектебінің оқушылар командасы ІІ орынға тұрақтады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы кубоктар мен медальдар және сыйлықтар табысталды. Ал, ойылдықтардың оң жамбасына келетін спортты серік еткен арулардың арасынан спорт мектебінің қызметкері Гүлжазира Садақбаева турнирдің «Үздік байланыстырушысы» атанса, аурухана қызметкері Салтанат Молдашева «Үздік қорғаушыға» тиесілі жүлдеге ие болды. Ойыл қазақ орта мектебінің оқушысы Жанель Тайбасова «Үздік шабуылшы» болып танылса, аурухана қызметкері Айым Ідрісова осы турнирдің «Үздік ойыншысы» атанды. Сондай-ақ, Гүлзада Құлтемірова мен Ләтіпа Нұғыманова ардагер споршы ретінде арнаулы сыйлықтарға ие болды.

САЛА САҢЛАҒЫ



Қай саланы алып қарасаңыз да, еңбексүйгіштігімен, жауапкершілігімен, ізденімпаздығымен өзіне артылған сенім үдесінен шыға біліп, өз саласының санлақтары атанған, абырой биігіне көтерілген, есімі мен еңбегі елпенген азаматтар ұжымның мәртебесін көтеріп келеді. Бүгінгі біздің көңіліміз де білім саласында еңбек етіп келе жатқан, күресінге толы күрделі саланың дамуы үшін үлес қосқан білікті ұстаз, неміс тілінің маманы - Маржан Сәлімгерейқызы Жонсырова. Сағаттың қысқа тілін жиі айналдырып, күн санап дамыған ғылым мен технология қазақ елінің жас білімпаздарына ағылшын тілімен қатар, француз, неміс тілдерін де үйренудің ғылымды игеруде артықшылықтары бар екенін сан мәрте дәлелдеді. Міне, осындай маңызы бар шет тілінен ұстаздық етіп, шәкірт тәрбиелеп келе жатқан Маржан Сәлімгерейқызы 1963 жылдың 22 қаңтарында Ақтөбе облысы, Ойыл ауданында дүниеге келді. Батырлар тұтпарының тұяғы тиіп, тыңдармандарын ән қанатында қалықтатқан сазгерлер дүниеге келген қасиетті топырақта кіндік қаны тамып, өмір бұлағының бастауы болған өлкеде бақытты балалығын өткізген Маржанның бала кезден білімге, кітап оқуға деген құштарлығы ерекше болды. Ойын баласы кезінде қызыққан затын қолына ұстап көрмейінше тыным таппайтын шәкірт мектеп табалдырығын аттаған соң, зейінінің молдығымен, сабақ барысында айтқан сөзді қағып алатын зеректілігінің арқасында ұстаздарының көзінде түсе біліп, үнемі алғыс алып отырды.

Ата-анасының өнегелі тәрбиесін көріп, кісінің ала жібін аттамауды еке тәрбиесінен, имандылық пен ибалықты ана тәлімімен бойына сіңірген Маржан бастауыш сыныптардан-ақ озат оқушылардың сапын толтырып, өз көпшілігінің іс-шараларда сыныптың абыройын ақтай білді. Мектеп - өмір бесірі. Бала арманының

ұшталып, қияға қанат қағатын білім ордасында жүріп ұстаз болуға деген бейімділігі артып, алдына мақсат қоя білген алғыр шәкірт Н.К.Крупский атындағы Ойыл қазақ орта мектебін бітірген соң, 1980 жылы Ақтөбе педагогикалық институтының шетел тілдері факультетінің неміс тілі бөліміне түсіп, 1984 жылы бітіріп шықты. Көп түлек жүрексініп бара бермейтін қиындығы мол саланы тандап, білім көкжиегін кеңейткен Маржанның алғашқы еңбек жолы 1984 жылы уақытша Ойыл негізгі мектебінде неміс тілі пәні мұғалімі болудан басталды. Ұстаздық ету - өзіне тән қиыншылықтарымен қатар, қызығыда, жауапкершілігі де мол жұмыс. Ал шәкірттерге деген мейіріммен қараудың өзі - өз алдына бөлек өңгіме. Өзіне тапсырылған істі аяғына дейін жеткізіп орындайтын осы бір жақсы мінезі, білім ордасының табалдырығын мұғалім болып аттаған жас маман Маржанды жұмыс барысында алға жетеледі. Сабақ барысында оқушылармен етене араласып, олардың сабақ бағдарламасын еркін, әрі тереңрек түсінуі үшін түрлі көркемдік, әдістемелік құралдар дайындап, өз жұмысына ерекше махаббатпен қарады.

Қолына қалам ұстаған әрбір шәкірттің бәрі қабілетті болмайтыны анық. Маржан Сәлімгерейқызы осы бағытта қажырлы жұмыстар жүргізіп, өзінің алдына келген әрбір оқушының бір әріп болса да танып, ертеңгі күні өз кәдесіне жарататындай етіп сабақ беріп, тіл үйретуде өлеушісүз еңбек етті.Ойыл негізгі мектебінде алғашқы еңбек жолын бастап, одан кейін Ойыл өңбекшілік-техникалық училищесінде, 1986 жылдан Н.К.Крупская атындағы мектепте (2001 жылы мектепке Ж.Жүсібадиев аты берілді) еңбек етіп, аудан балаларына, яғни, мектеп оқушыларына неміс тілі пәнінен сабақ берумен қатар класс жетекшілік жұмысын қоса атқарды. Ғасырлар тоғысында атын ауыстырған білім ордасында мұғалім бола жүріп заман талабына сай, оның үстіне өзінің де қабілеті бар Маржан «ағылшын тілі» бойынша қосымша білім алып, ағылшын тілінен де сабақ берді. Мектеп оқушыларының шетел тілдеріне қызығушылықтарын арттыру жолында жасаған іс-әрекеттері, көрнекілік құралдары зая кетпеді. Ұстаздық тәжірибесі уақыт өте келе толыса түскен Маржан Сәлімгерейқызының үлкен жетістіктерінің бір - өзі сабақ берген шәкірттерінің мектеп бітірген соң көпшілігінің шет тілі пәнін тандыру еді. Ұстаз ұлағатын ұғымына сіңіріп, өлмес мамандықтың өмірінің өрнегі еткен шәкірттері: Рахметуллина Жанар, Нұғыманова Жаннат, Мұқашева Жанна, Рахметуллина Гүлжаннарлар - ұстаз тәлімінен берілген тәбәріктің еңшілес оқушылары болатын. Өз ісінің білікті маманы, сабақты толық игерумен қатар мектептің қоғам-

дық өміріне белсене қатысып, ұжымдық іс-шаралардың бел ортасында жүретін Маржан Сәлімгерейқызы қызметте сатылай өсіп, 2003 жылдан бастап осы мектепте мектеп директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары, оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін абыроймен атқарып, 2014 жылдан осы мектепке басшылық етіп келеді. Ұстаздық қызметте жақсы қырынан көрінген Маржанның басшылық қызметте де көктемде бұршқ жарған өрік талындай болып, бойындағы асыл қасиеттерінің ашыла түскеніне ұжымдастары куә. Білім ордасын ілгері сүйреп, жаңа заман талабына сай жабдықтармен қамтамасыз ету, озық деген технологияларды қолданып, білім сапасын жақсарту, қабілетті де дарынды ұл-қыздардың терең білім алуы үшін жағдай жасау - Маржан Сәлімгерейқызының алдына қойған мызғымас мақсаттарының бірі болатын. Ұстаздық жолындағы көпжылдық тәжірибесі мен бала кезден бар бойындағы ұйымдастырушылық қабілетінің, үлкенді тындап, кішіге ізет көрсете білетін кішіпейілділігінің, ұтымды сөзге тоқтай білетін парасаттылығының арқасында білім ордасын аудандағы алдыңғы қатарлы мектептердің қатарына алып шықты.

«Бұлттан кейін күн шығатыны» секілді, әрбір істің бір зейнеті болады. Ұстаздық, басшылық қызмет еткен педагогикалық 36 жыл ішінде білім басқармалары мен өзге де әкімдіктердің марапаттары мен Алғыс Хаттарына ие болды. Одан тыс, 2018 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Астана қаласының 20 жылдығына» арналған мерекелік медалімен марапатталды.

Заманауи озық технологияларды қолданып, экономикасы дамыған өлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің үлгісін алып, сабақ барысында қашықтықтан тәжірибе алмасып, жыл сайын ұстаздардың білім-біліктілігін арттыру үшін конференциялар мен тренинг, білік-тілікті арттыру курстарына жіберіп отырады. Мектепте жаратылыстану пәндерін автоматтандырып оқыту, мектеп сайтын жасақтау, мектеп әкімшілігі жұмысын автоматтандыру, жұмыс нәтижесінің мониторингінсін автоматты түрде шығару жүзеге асырылып, қазіргі уақытта күнделікті жұмыста қолданылуда.

Маржан Сәлімгерейқызы басшылық ететін білім ордасы аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі білім сайыстарына қатысып, оқушылары мен талантты ұл-қыздарын үнемі олимпиадаларға дайындап отыруды дәстүрге айналдырған. Республика-

ның тілдерін білдіреді. Мектепте ұлағатты ұстаз, білікті басшы болумен қатар,1985 жылы шаңырақ көтерген жолдасы Абаймен екеуі отбасында екі ұл, бір қыз тәрбиелеп отырған аяулы анаға айналған Маржан Сәлімгерейқызы отбасының ұйытқысы болып, берекеcін кіргізіп келеді. Қатал тағдыр 25 жыл отасқан абзал азаматтың 2010 жылы бұл өмірден алып кеткен еді. Өке ізін жалғаған үлкен ұлы Бекзат Абайұлы - Ақтөбе қаласында феррокорыпта заводының 4 - цехында аға мастер-технолог болып жұмыс жасаса, келіні Ақмарал Арыстанғалиқызы да осы заводта қызметте. Екінші ұлы Даурен Абайұлы - «Ақтөбе облысының төтенше жағдайлар департаменті» ММ «Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің» бас маманы азаматтық қорғау майоры, жолдасы Мөлдір Нұржақыманқызы - банк қызметкері. Кенже қызы Земфира Абайқызы - Алматы қаласында жұмыста. Шаңырақтың ішін шаттыққа бөлеп, пейіштің жұпар сөздіріп отырған бес меренерін үлкені Ақтөбе қаласында «М.Құсайынов атындағы дарынды балаларға арналған мектепте» 5 - сынып оқушысы болса, одан кейінгі 2 немересі - 1,2 сынып оқушылары және екеуі - балабақша тәрбиеленушілері.

«Көкжар! Ойыл! Халқына мақтан болған талай санлақтың балалық, жазық шағы осы өңірде аудандағы қарашаңырақ Ж.Жүсібадиев мектебінен білім нәрмен сусындап, түлеп ұшып, өмірден өз орындарын тапқан атақты азаматтар, профессор-ғалымдар, ақын-жазушылар мен кәсіпкерлер көп.

Мектептің екі жыл қатарынан «Үздік мектеп» атануы, жыл сайының «Алтын белгі» иегерлері мен мектеп бітірушілердің мәмілекеттік грант иегерлерінің санының жыл сайын өсуі - мектеп мұғалімдерінің үздіксіз нәтижелі еңбегінің белгісі. 1930 жылы іргетасы қаланған аудандағы ең бірінші оқу орнының нәтижелі жұмысын көрсету барысында мектеп ұжымы болып еңбек етудеміз» - деп, тектілердің табан ізі қалған қасиетті топырақта, ел болашағын жарқын етіп, абыройын асқақтатар, көк туымызды өлемдік аренада желбірететін талантты да дарынды ұл-қыздарды тәрбиелеп өсіріп, болашаққа нық қадаммен келе жатқан Маржан Сәлімгерейқызына жұмыста табысты болып, ұлт болашағын тәрбиелеп шығаруда қажымай, талмай еңбек ете бер демекпіз.

Редакциядан: Жуырда ғана өдемі жасқа толған Маржан Сәлімгерейқызы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталды.

Құттықтау

Ойыл ауданының тұрғыны
Ережепова Айнұрды 11 наурызда толатын 25 мүшел жасымен құттықтаймыз !

Бүгін туған күнінде,
Кеңіл-күйің зор болсын.
Жиырма бес жас мүшелің,
Кіріп келген, оң болсын.



Бар жақсылық орнасын,
Арайлы атар таңдай боп.
Жүрші әркез шаттана,
Ең бақытты жандай боп.

Тілек білдірушілер, ата өнесі Аманболды – Забира, жолдасы Медет, қайын ағасы-абысыны Бекзат-Құндыз, қайынылары-келіндері, қайынысіңлілері.

Ойыл ауданының кішкентай тұрғыны
Аманболды Ахметті 9 наурызда толатын 2 жасымен құттықтаймыз!

Балапаным, құлыншағым,
Қызық болсын балғын шағың.
Екі жасқа толып жатсың,
Құтты болсын балапаным.



Үн қатасың, былдырлайсың,
Пәк көңілмен жымндайсың.
Жалт-жұлт етіп баурап алар,
Жарық берер жұлдыздайсың.

Кеңіліңде мұң болмасын,
Ботақаным, құлыншағым.
Алла қолдап аман болып,
Желбіресін тұлымшағың.

Тілек білдіруші, Ата-әжесі, ата-анасы, бауырлары.